

**М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық
колледжі “Дене тәрбиесі және туризм” бөлімі 0511000
“Туризм” мамандығының**

**Т-Р-15 оқу тобының менеджер біліктілігі бойынша
өндірістік-технологиялық тәжірибе жинақтау жұмысы.**

Қызылорда, 2017 жыл

Тәжірибе жинақтау мерзімі:

24.11.17 ж – 21.12.17 ж

Машықтанушылар:

Топ басшысы: Сағындық Гүлназ Русланқызы

- Мырзатай Сәбитұлла Әнесұлы
- Мұстафа Ұлбосын Алтыбайқызы
- Мұхтарова Фариза Болатқызы
- Нұрмаханова Жансұлу Өмірсерікқызы
- Орынбасарова Айзада Бағдатқызы
- Раева Альбина Алдабергенқызы

Әдіскер: Ж.Е.Тулеева

Мекемеге
келген күні:


24.11.17 ж

Жетекшіміз: Сайлау Асхат

Туризм мамандығы бойынша тәжірибе жинақтау үшін облысымыздағы тарихи-өлкетану мұражайына келдік. Біз музей қызметтерімен, ішкі тәртіп ережелерімен, қауіпсіздік техникасымен және экскурсиялық қызметтің ұйымдастырылуымен таныстық.



Музейде «Тарих тағылымы» тарихи-танымдық көрмесі өткізілді. Көрме барысында Қызылорда облысының ескі қалаларының фото-суреттерін тамашаладық. Бұл көрмеге қатыса отырып, музейдегі экскурсиялық қызметті ұйымдастыру техникасы мен технологиясы жайлы дағды қалыптастырдық.



Туризм қызметкерлерін ұйымдастырумен елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласына сәйкес «Туған жер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.





Қызылорда облыстық нартай Бекжанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында 1 желтоқсан – Президент күніне орай өткізілген концерттік бағдарламаға барып, тамаша әсер алып қайттық.



Мекемеден
кеткен күні:

02.12.17 ж

Тәжірибе жинақтау барысында экскурсия жүргізудің тәртібін, экскурсия құрылымын, дайындау кезеңдерін, мақсатты топты анықтауды, объектілерді таңдау және зерттеуді үйрендік. Экскурсия маршрутын құру, карта сызбасын құрастыру, жеке мәтінді қолдану техникасын, бақылау мәтінді құруды дағды ретінде қалыптастыра отырып, болашақ мамандығымызға деген қызығушылығымыз артты.



Мекемеге
келген күні:

04.12.17 ж

Жетекшіміз: Дармағамбетов Ә


Келесі бағытымыз Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы болды. Алғашқы күні басқарманың атқаратын қызметі, жұмыс барысы, аудандық туризм бөлімдерінің функционалды қызметтерімен жете таныстық. Жетекшіміз Дармағамбетов Әнуарбек кәсіпорынның іші тәртіп ережелері, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаумен хабардар етті.





Кәсіпкерлік және туризм басқармасының қызметкерлерімен А.Тоқмағанбетов мәдениет үйінде халықаралық мүгедектер күніне орай өткізілген «Өмірге ғашықпын» атты іс-шараға қатыстық. Іс-шараға қатыса отырып, ғажап әсер алдық.



Жетекшіміздің бізге берген тапсырмасы презентациялау жұмысын дайындау болды. Біз «Объекты придорожного сервиса вдоль международный автомагистрали Западная Европа-Западный Китай» тақырыбында презентация дайындадық.



Бұл күні де презентациялау жұмысын жүзеге асырдық. Туризмді дамыту бойынша 2018 жылға арналған жұмыс жоспарына презентация дайындалды. Осы тақырып бойынша әрбір студент жеке жұмыс жасай отырып, бірнеше презентация дайындадық.



Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасына келіп жеткен хаттарды, құжаттарды, ақпараттарды аудару жұмысын жасадық. «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі қорытындылары туралы ақпаратты орыс тілінен қазақ тіліне аудардық.

ИНФОРМАЦИЯ
область Международной
специализированной выставки «ЭКСПО-2017»

1. Продвижение

В целях продвижения ЭКСПО-2017 в областном масштабе с начала текущего года было показано 98 сюжетов, опубликовано 812 статей.

В области с логотипом «ЭКСПО-2017» размещены 98 билбордов, установлено 12 малых архитектурных форм.

Все пункты Регионального плана мероприятий, посвященного году «Астана-ЭКСПО-2017» полностью исполнены.

Посещение выставки жителями области

По итогам Выставки посетили 99 309 жителей области (132,4% от утвержденной квоты), из них на поезде – 52 736 человек, на самолете – 14 737 человек и пассажирскими автобусами – 31 836 человек.

Из них Выставку посетили 9 915 школьников и 2 114 студентов. За счет средств областного бюджета Выставку посетили 4924 школьников.

В период с 3 августа по 10 сентября т.г. для работы на Выставке было направлено 100 региональных волонтеров. Питание, проживание и размещение осуществлялось за счет Национальной компании «Астана».

«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрме
қорытындылары туралы АҚПАРАТ

1. Жалпы ақпарат

Облыстық масштабта Экспо-2017 көрмесін жылжыту мақсатында ағымдағы жылдың басынан бастап 98 сюжет көрсетіліп, 812 мақала жарияланды.

Облыста «ЭКСПО-2017» логотипімен 98 билбордтар орнатылды, 12 шағын архитектуралық нысанлар құрылды.

«Астана-ЭКСПО-2017» жылына арналған Аумақтық к-шаралар жоспары толығымен орындалды.

Облыс тұрғындарының көрмеге баруы

Қорығында бойынша көрмеге 99 309 облыс тұрғындары барған (бекітілген квотадан 132,4%-ы), оның ішінде поездпен – 52 736 адам, ұшақпен – 14 737 адам және жолаушылар автобусымен – 31 083 адам барған.

Олардың ішінде Көрмеге 9 915 мектеп-оқушылары мен 2 114 студент барған. Облыстық бюджет есебінен Көрмеге 4924 мектеп-оқушылар келген.

Ағымдағы жылдың 3 тамызы мен 10 қыркүйек аралығында Көрме жұмыстарына 100 аумақтық еріктілер жіберілген. Тамақтану мен жатын орындары «Астана-ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы есебінен, ал еріктілердің жол жүруі облыстық бюджет есебінен жүрді.

Қорығындағы аумақтық бюджет есебінен Көрмеге 4 әлеуметтік

Туризм туралы ақпарат

Көрмені өткізу барысында туристерді аймаққа тарту мақсатында «Мир-Астана» аймақкомитетінің бастамасымен «Тәңір» паратында өткізіліп жатқан туристік объектілері туралы (Байқоңыр-ғарыш аймағы мен Қорқыт-Ата мемориалдық кешені) мақала жарияланды.

Сонымен қатар, Астана және Алматы қалалары халықаралық әуесқайларды Қызылорда облысының туристік әлеуеті туралы үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бейне-роликтерді таратқан.

Бұдан басқа, көрме барысында шетелдік туристердің Байқоңырға бару туралы отініштерді қаулау мерзімі 45-тен 10 күнге белгісіз күнге дейін қысқартылды.


Ағымдағы жылдың 20 маусымынан 15 қазанына дейін шетелдік туристерді қазақ халқының өмірі мен мәдениетімен таныстыр. Этноауыл «Қорқыт-Ата» мемориалдық кешенінің аумағында жұмыс жасады.

Этноауыл ашылғаннан бері 13 мыңнан астам туристер мен қоғам қайраткерлері, олардың ішінде 3500-і шетелдіктер: Атырау, Ақтөбе, Алматы, Астана, ОҚО және СҚО қалаларының тұрғындары; сондай-ақ Франция, Литва, Швейцария, Венгрия, Гамбия, Мексика, Кения және т.б.

ЭКСПО-да жасалған экономика жобаларын пайдалану

Көрменің алдында энергетика министрлігі «Жасыл экономика» үшін 9-инновациялық жобаны таңдады. Олардың ішінде «Нұр-Отан» павильонында көп

Тұтынушымен телефон арқылы қарым-қатынас орнату ерекшеліктерімен таныстық. Қызылорда облысының аудандарына жетекшіміз тапсырған хабарламаны телефон арқылы хабарлау жұмысын атқардық.



Мекемеден
кеткен күні:

12.12.17 ж

Тәжірибе жинақтау барысында болашақта атқаратын қызметімізбен бетпе бет танысып, ішкі қыр-сырларына үнілдік. Туристерге қызмет көрсету мәдениеті мен сапасына қойылатын талаптарға сай маман болуымызға тиісті екенімізді түсіндік. Туристік маршруттарды дайындау, саяхатты жүргізу техникасы, саяхатшының кәсіби шеберлігі, сөйлеу мәнері жұмыстарынан өзімізге тәжірибе жинақтап, мол әсер алдық. Тәжірбе жинақтау барысында алған білім, білік, дағдыларымыз бізге үлкен көмек болады деген сенімдеміз.

Мекемеге
келген күні:

13.12.17 ж


Жетекшіміз: Сарсенбаева М


«Акме-Қызылорда» туристік фирмасының қызметкерлерімен, атқаратын қызметтерімен, кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерімен, қауіпсіздік техникасымен, туристік фирманың мәртебесін анықтайтын құжатнамамен таныстық.



**Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Товарищество с ограниченной ответственностью**

Практика барысында туристік жарнама жасау әдістемесін меңгере отырып, басқа мемлекеттерге, елдерге видео-ролик дайындадық. Бізге берілген мемлекеттер: Шри-Ланка, Эмираты, Египет, Тайланд, Гоа.





Турларды жобалау кезендері, турларды дамыту және ұйымдастыру технологиялары, жеке және топтық турларды ұйымдасылрудың ерекшеліктері туралы ақпарат ала отырып, жетекшімізбен бірлесіп жұмыс жасадық.

Турфирма серіктестерінің, бәсекелестерінің, әлеуетті тұтынушыларының, туристік бағыттарының мәліметтер базасын құру туралы ақпарат алдық. Сонымен қатар, жұмыс жүргізу тәсілін үйрендік.

Жетекшіміз туристерді қабылдау, туристермен қарым-қатынас жасау, шетелдік серіктестермен келісім-шартқа қалай отыру керектігін видео-роликтерден көрсетті.

Сонымен қатар, туристік көрмелердің жұмысымен таныстық. Біз «KITF» көрмесі мен «Astana Leisure» көрмесінің сайтымен жұмыс жасадық.

The logo for KITF features the word "KITF" in a bold, blue, sans-serif font. A red horizontal bar is positioned below the letters "i" and "t".

KITF

The logo for Astana Leisure consists of the word "Astana" in a bold, orange, sans-serif font with a red underline, and the word "Leisure" in a bold, orange, outlined sans-serif font below it.

**Astana
Leisure**

Мекемеден
кеткен күні:

21.12.17 ж

Біз менеджер біліктілігі бойынша өндірістік-технологиялық тәжірибе жинақтау барысында біз турфирма серіктестерінің мәліметтер базасын құру, бәсекелестерінің базасын қару, әлеуетті тұтынушыларының мәліметтер базасын құру, жабдықтаушыларының мәліметтер базасын құру, туристік бағыттарының мәліметтер базасын құру жайлы мәліметтер жинадық. Сонымен қатар, турлады жобалау кезеңдерін, турларды дамыту және ұйымдастыру технологияларын, жеке және топтық турларды ұйымдастырудың ерекшеліктерін, туристерді қабылдау бағдарламасын және тағы басқа да қызмет түрлерін меңгердік. Туризм мамандығына сай туристік фирмада тәжірибе жинақтау барысында алған білім, білік, дағдыларымыз бізге үлкен көмек береді деген сенімдеміз.